

## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ



### *Құрметті әріптестер!*

10-11 желтоқсан айында 2020 жылы «Мирас» университетінде Халықаралық студенттік ғылыми-тәжірибелік «Студенттік ғылым 2020» атты конференциясы өтеді

Конференцияның негізгі мақсаты оқушылардың, студенттердің, магистранттардың және жас ғалымдардың арасында шығармашылық белсенділігін дамыту, заманауи ғылымның өзекті мәселелерін шешуге тарту, сонымен қатар студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми байланысу және білімдік дамуына ықпал ету болып табылады.

Конференция онлайн-форматта ұйымдастырылады. Конференцияны өткізу аясында келесі онлайн іс-шаралар өткізу жоспарлануда: кездесу, дәріс, дөңгелек үстел, пікірталас, экскурсия, семинар-тренинг, презентациялар, семинарлар, сондай-ақ келесі бағыттар бойынша баяндамалар тыңдау жоспарланған:

- Экономикалық зерттеулер;
- Туризм және қонақжайлылықты басқару;
- Ақпараттық және телекоммуникациялық жүйелер;
- Құқық және құқықтық қатынастар;
- Қазіргі заманғы қаржы және бухгалтерлік есеп;
- Педагогика және психология;
- Филология;
- Дизайн және көркемдік жұмыс;
- Дене шынықтыру және спорт;
- Жаратылыстану ғылымдары.

### **Конференция қазақ, орыс және ағылшын тілінде өткізіледі.**

Конференцияға қатысу үшін өтінім (ұсынылған үлгі бойынша), электронды және қағаз түрінде баяндама мәтіндері 2020 жылы 20 қарашаға дейін, мына мекен-жай бойынша қабылданады: Шымкент қ., Сапақ Датқа көшесі № 2, «Мирас» университеті, Әкімшілік корпус – 1-ші қабат. Конференция ұйымдастыру комитетінің жауапты хатшысы: Есеркепова Зауре Ауганбаевна

**Анықтама телефон нөмері:** +77717957682

**e-mail:** eserkep\_z@miras.edu.kz

Қабылданған баяндамалар мәтіндері конференцияның жинағында жарияланады (жинақтың электрондық және қағаз нұсқалары), конференция мәресіне жеткен соң барлық қатысушыларға сертификат беріледі.

### **Ұйымдастыру ақысы:**

- «Мирас» университетінің магистранттары мен студенттері үшін - **тегін**;
- басқа қатысушыларға, мақаланы электронды жинағында басып шығару үшін ұйымдастыру ақысы - **1500 теңге**, ал қатты қағаз жинағында - **3000 теңге**.

**Төлем kaspi.kz қосымшасы арқылы қабылданады (төлемдер - Мирас университеті - ЖСН және қатысушының АТЖ).** Төлем түбіртегі конференцияға қатысушының өтінішіне қоса тіркелу қажет.

### **Баяндаманың материалдарын ресімдеуге қойылатын талаптар:**

- конференция тақырыбына сай болуы керек;
- көлемі – А4 форматты 4 беттен аспауы керек;
- формат мәтіні – Word мәтіндік редакторында;

- шрифт - «Times New Roman», «KZ Times New Roman», 14 пт;
- шеттері: барлық жағынан - 2 см;
- жоларалық интервал –1;
- теңестіру - ені бойынша;
- азат жол– 1,25см;
- әдебиетке сілтемелер квадратты жақшада көрсетіледі (нүктенің алдында);
- суреттер мәтінде бірінші сілтемеден кейін орналасады, суреттің атауы және реттік нөмері (Сурет 1. Суреттің атауы) суреттің астында көрсетіледі, теңестіру – ені бойынша, азат жол– 1,25см;
- кестелер мәтінде бірінші сілтемеден кейін орналасады, кестенің атауы және реттік нөмері (Кесте 1. Кестенің атауы) кестенің үстінде көрсетіледі, теңестіру – ені бойынша, азат жол– 1,25см;
- Кесте мен суреттегі шрифт – 12пт-дан кем емес;
- мақала соңында әдебиет тізімдері ұсынылады.

Сол жақ жоғарғы бұрышында ОӘЖ көрсетіледі; желісінен кейін ортасында – мақаланың атауы (үлкен қалың әріппен); желіден кейін ортасында – автордың аты-жөнінің бірінші әріптері мен тегі; келесі желінің ортасында – оқу немесе жұмыс мекемесінің, қаланың, елдің атауы.

Желіден кейін курсивпен, қысқаша түсініктеме/резюме: орыс тіліндегі баяндама үшін «түйін» және «summary», қазақ тіліндегі баяндама үшін «резюме» және «summary», ағылшын тіліндегі баяндама үшін «түйін» және «резюме»;

Желіден кейін – негізгі мәтін, бір жоларалық интервалмен терілу керек; мәтінде [1] сілтеме түрінде қолданылған әдебиеттер дереккөздерінің тізімінде, негізгі мәтіннен бір жоларалық интервал қалдырып көрсетіледі. Библиография көздері мәтінде қалай көрсетілсе, солай орналасады және келесі ережелер бойынша рәсімделеді: автор(лар) аты-жөнінің бірінші әріптері және тегі, дереккөз атауы, басылым орны, жариялау орны, жылы (конференция жинағы үшін – қаласы, елі, жылы), толассыз нөмірлеу.

Жоғарыда көрсетілген барлық талаптарды сақтай отырып, материалды мұқият редакциялап ұсыну керектігіне сіздердің назарларыңызды аударамыз.

Ұйымдастыру комитеті ғылыми жаңалығы жоқ немесе грамматикалық қателігі бар материалдар үшін жауапты емес.

Ұйымдастыру комитеті **etxt\_antiplagiat** бағдарламасына сәйкес материалдың бірегейлігі 50%-дан төмен болса, материалдарды қабылдамауға құқығы бар. Қолжазбалар қайтарылмайды.

Материалдарды жариялауға беру үшін соңғы мерзімі: **20 қараша 2020 жыл.**

*Үлгі*

<p>ОӘЖ (12пт.)</p> <p style="text-align: center;"><b>ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ (12пт)</b></p> <p style="text-align: center;">Б. Толғатов (12пт.) «Мирас» университеті, Шымкент қ., Қазақстан (12пт.)</p> <p><i>Түйін (12пт.)</i> <i>Summary (12пт.)</i></p> <p style="text-align: center;">Баяндаманың негізгі мәтіні (14 пт.)----- ----- -----</p> <p><b>Қолданылған әдебиет тізімі (12 пт.)</b></p> <p>1. 2.</p>
---

**Конференцияға қатысушының өтініші:**

Аты-жөні, тегі (толықтай)

Жұмыс/оқу орны (ұйымның атауы)

Курс, тобы

Байланыс деректері: тел., e-mail

Ғылыми жетекшінің аты-жөні, тегі, ғалымдық атағы, ғалымдық дәрежесі

Бағыттың атауы

Баяндаманың тақырыбы

Қолы